

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
_____З.С. Тоқыбаев
« ____ » _____ 2016 ж.**

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

ҒіІ 1104 «Философия»

мамандығы 5В030300-«Құқық қорғау қызметі»

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 3
дәріс: 15 с.
семинар: 30 с.
тәжірибелік сабақтар: -
КООЖ: 15 с.
КӨЖ: 75 с.
Курстық жұмыс: -
Емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2016

«Философия» пәні бойынша 5B030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS), 67 б.

Құрастырған: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«24» __05__ 2016 ж., № 19 хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді

«___» __06__ 2016 ж., №___ хаттама.

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1 курс, 2 семестр
3. Пән циклы	жбп
4. Кредит саны	3
5. Сабақ өткізу орны	кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, филос.ғ.к., тел. 30-33-82, вн. 3-01, Eldar83.83@mail.ru
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, филос.ғ.к., тел. 30-33-82, вн. 3-01, Eldar83.83@mail.ru

3.2 Пререквизиттер: Қазақстан тарихы.

3.3 Постреквизиттер: мәдениеттану, дінтану, саясаттану, әлеуметтану, ғылым тарихы мен философиясы.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

Курстың мақсаты: Оқу пәні ретінде философияны оқытудың басты мақсаты – болашақ мамандардың қазіргі күрделі әрі динамикалық дүние жағдайындағы дұрыс дүниетанымдық бағдарларын қалыптастыруға жәрдемдесу.

Мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін курстық міндеттері:

- философиялық ой кешудің тарихи типтерін мәдениет контекстінде талдау;

- болашақ мамандардың философиялық-дүниетанымдық және методологиялық мәдениетін қалыптастыру;

- пән мазмұнын курсанттардың оған деген қызығуын тойтаратын бұрынғы идеологиялық жүктемеден, догматикалық штамптар мен клишелерден азат ету.

Курстық оқу барысында курсант мына төмендегілерді білуге және істей білулері керек:

- негізгі эпистемологиялық модельдерді, рациональдық ұғымынын сипатын; танымның ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс түрлері мен әдістерін; әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қазіргі кезеңдегі ыңғайларын;

ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында пайда болатын және терең, кәсіби білімді қажет ететін мәселелерді шеше білулері керек; қажетті зерттеу әдістеріне таңдай білулері қажет; әлеуметтік-гуманитарлық және

жаратылыстану білімдерінің методологиясының негізінде қазіргі кезеңдегі теория мен практиканың шындықтарын түсінік талдай білулері керек;

мынадай дағдыларды қалыптастырулары керек:

- өз бетінше ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық жұмыстарды жүргізе білулері; бұл бағытта өте терең білімдері болуы; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, педагогикалық және тәрбие жұмыстарын жүргізуде, ғылыми мақалалар мен тезистер жазу барысында, конференцияларға, симпозиумдарға, дөңгелек үстелдерде, пікір-таластарда, сұхбаттар жүргізуде методологиялық білімдерін қолдана білулері тиіс.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтары на дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтары на дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е КӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	сабақтарының жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтары на дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы/ КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға	Студент	Негізгі	Барлық оқу	Қорытынды	Қорытынды	Курс

	дайындық	тердің пән бойынша қортынды білімдерін тексеру	және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	процесі аралығындағы дайындық	бақылау		аяқталғаннан кейін емтихан кестесімен сәйкестігі
--	----------	--	---	-------------------------------	---------	--	--

3.6. Курс саясаты

Оқу процесінде курсанттарға қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Оқу уақытында белсенділік көрсету үшін курсант осы пәнді меңгеруге және топтың үлгеріміне ықпал етуі керек; бірігіп оқудың субъектісі, белсенділік пен жауапкершіліктің иесі болуға тиіс.

- Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы керек;
- Сабаққа курсанттар дайындалып келуге тиісті;
- Қойылған сұрақтарға, проблемаларға шығармашылық тұрғысынан жауап беруге тырысуы керек;
- Курсант дәрістік және семинарлық сабақтарға міндетті түрде қатысуы керек;
- Міндетті түрде қатысатын сабақтары студенттердің рейтингісіне әсер етеді;
- Сабаққа кешігуге болмайды;
- Сабақ кезінде бос әңгіме, газет-журнал болмауы керек;
- ұялы телефонды тоқтату қажет; сағыз шайнау секілді өрескел әдеттерден құтылу қажет;
- Сабаққа себепсіз келмей қалуды тоқтату керек;
- Сабақ барысында шығармашылық белсенділік көрсетуге тырысу керек;
- Үй жұмысын ұқыпты орындаған жөн;

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	Алматы, 2008.
2. Негізгі әдебиеттер		
2	Зотов А.Ф. Современная западная философия	М.: Высшая школа, 2012
3	Мырзалы С.К. Философия	Алматы: Бастау, 2008
4	Нұрышева Г.Ж. Философия	Алматы: Инжу-маржан, 2013
5	Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. Философия	Алматы: Эверо, 2014
6	Сегизбаев О.А. История казахской философии	Алматы: Ғылым: 2001
7	Мұқыш Қ.С. Философия: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012.
8	Сарсенова Ж. Философия: оқу құралы.	Алматы: Өлке баспасы, 2010.
3. Қосымша әдебиеттер		
9	Алексеев П.В., Панин А.В. Философия	М.: Проспект, 2010
10	Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии	Алматы: К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011

11	Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия. Часть 1, 2	Алматы: Жібек жолы, 2014
12	Есім Ф. Сана болмысы	Алматы: Қазақ университеті, 2007
13	Лавриненко В.Н. Философия	М.: ИД Юрайд, 2011
14	Кирабаев Н.С. Учебное пособие по курсу «Средневековая арабо-мусульманская философия»	СПб.: СПбГУ, 2005
15	Немировская Л.З. Философия: История и теория	М.: изд. Российского Нового Университета, 2007
16	Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау	Алматы, БҒМ ФСИ баспасы, 2000
17	Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов	Алматы: Өлке, 1994
18	Степанянц М.Т. Восточная философия: вводный курс. Избранные тексты	Москва: Восточная литература, 2001
19	Шуматов Э.Г., Мұқыш К.С. История и философия науки	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013
20	Койре А. Очерки истории философской мысли. О влиянии философских концепций на развитие научных теорий.	Москва, 1985.
21	Шуматов Э.Г. Пространство и время (историко-философский анализ на материалах немецкой классической философии)	Қарағанды: КА МВД РК имени Б.Бейсенова, 2015
22	Колумбаев Б.Е. Третий человек	Алматы: Рауан, 1992
23	Батулин В.С. Философия права	Қарағанды: Гласир, 2012
24	Әбжанов Т.Ы. Адамға қарай бет бұрсақ	Алматы: Ғылым, 1999
25	Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы	Қарағанды, 2004
26	Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы	Алматы, 1999.
4. Мерзімді баспа әдебиетінің тізімі		
27	Вопросы философии	
28	Философские науки	
29	Личность. Культура. Общество	
30	Адам әлемі – Мир человека	
5. Электронды оқу-әдістемелік құралдардың тізімі		
31	Габитов Т.Х. Философия: электронды оқу құралы	
32	Әденов С.Т., Хожамқұл А.Х., Котошева Ф.К., Кудерина А.Н. Философия: электронды оқу құралы	
6. Ғаламтор көздері		
33	www.ihtik.lib.ru	
34	www.librari.ru	
35	www.bibliotek.ru	
36	www.caute.net.ru	

3.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Дәріс	Семинарлық	Тәжірибелік	КӨЖ	КӨЖ	Бақылау нысаны
1	Философияның пәні мен қызметтері	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2	Ежелгі дүниежүзі философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы.	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
3	Антикалық философия	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4	Орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс философиясы	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас

5	Қайта Өрлеу философиясы	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
6	Жаңа Заман философиясы. XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философия	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
7	Классикалық неміс философиясы	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
8	XVIII ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
9	Қазақ философиясы	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
10	Болмыс – онтологияның негізгі категориясы ретінде	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
11	Даму принципі: диалектика және синергетика	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
12	Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми танымның ерекшеліктері	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
13	Философиялық антропология	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
14	Әлеуметтік философия	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
15	Қазіргі уақыттағы жаһандық сын-кәтерлерді философиялық тұрғыдан ұғыну	1	2	-	1	5	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
Барлығы		15	30	-	15	75	

3.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ

ДӘРІС САБАҚТАРЫ

Дәріс тақырыбы 1. Философияның пәні мен қызметтері

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Философияның объектісі мен пәні.
2. Дүниетанымның тарихи түрлері.
3. Философияның қызметтері (функциялары).

Дәріс тезистері:

Философия ғылымы адамзат мәдениетінің қайталанбас және ерекше құбылысы. Философияны мақсатты түрде оқу, ойлау мәдениетінің өсуіне, өзіндік сананың қалыптасуына, дүниежүзілік мәдениет пен өркениеттің байлықтарын тұрақты және жүйелі игеруге, табиғат, қоғам болмысының даму заңдылықтарын түсінуге, мамандықты саналы таңдап, жетілдіруге жетелейді.

Философия деген не? Дүниеге қашан пайда болды? Қалай дамыды? Философия бұдан бірнеше мың жыл бұрын Қытайда, Үнді елінде, Египетте, Вавилонда пайда болды. Бұдан 2500 жыл бұрын (б.з.д. V ғасыр шамасында) Афин қаласындағы грек демократиясында классикалық түрге ие болып, ерекше білім ретінде қалыптасты.

Дүние қалай жаратылған, бастамасы қайда; Ол мәңгілік пе? Адам дегеніміз не, оның дүниедегі орны қандай? Ақиқат пен жалғанның ара салмағы неде? Өмір сүрудің мәні бар ма? Адам өмірінің мәні неде? Адам баласы қалай пайда болды? Қозғалыс мәңгі ме, әлде уақытша ма? Адам мен жануарлар өмірі және олардың қатынасы қалай? Олардың өмір сүру ортасы деген не? Осындай «мәңгілік» сұрақтарға жауап іздеу – философияның міндеті. Екіншіден, адамның дүниеге қарым-қатынасы сан-қилы. Осыған сәйкес адамның көзқарасы да әртүрлі. көп. Олардың себебін біліп, ажырата білу де керек. «Дүниеге көзқарас» термині ғылым тіліне, күнделікті сөзге терең енді. Ол алғашқы рет XVIII ғ. неміс философиясы мен мәдениетінде.

Көзқарас дегеніміз – дүниеге белгілі бір түсінікпен қарау. Көзқарас болу үшін сана, оның жетілуі үшін білім керек. Ол неғұрлым көп білу, ынталану арқылы жүреді. Көзқарас – негізінен әртүрлі дәрежеде қалыптасады.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4.

Қосымша әдебиет: 11, 15, 20, 21, 27.

Дәріс тақырыбы 2.

Ежелгі дүниежүзі философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Үнділік философия қарсаңындағы (Ведалар дәстүрі) негізгі дүниетанымдық идеялар.
2. Ежелгі Үнді философиясының ортодоксалды және ортодоксалды емес мектептері.
3. Ежелгі Қытай философиясының негізгі ағымдары: конфуцийшілдік және даосизм.

Дәріс тезистері:

Ежелгі Үнді мен Қытай философиясының ерекшелігі туралы жүз жылдан артық уақыт екі түрлі көзқарас арасында (дискуссия) пікірталас жүріп жатты.

1) Үнді мен Қытай нағыз философияны жасаған жоқ, олар оған жете алмады. Сондықтан, оларды философияның алдындағы немесе діни-философиялық көзқарас деп атау керек дейді.

2) Үнді мен Қытай ең жоғарғы философияны әлемге алып келді. Батыс бұл деңгейге әлі жеткен жоқ дейді.

Бұл секілді қарама-қарсы пікірдің өмір сүру себебі – философияның эталондық үлгісі ретінде Батысеуропалық философиямен шұғылдану вариантының алынуына байланысы. Ал Үнді мен Қытайлықтардың ойлау

тәсілі бұл жүйеге келмейтіндіктен оны «алдыңғы» немесе «жоғарғы философия» деп атады.

Қытай мен Үнділік философия тәсілінің Батыс Еуропалыққа сай келмеуінің нәтижесі оларды еріксіз «Шығыс» деген атпен біріктіріп, «Батысқа» қарсы қойғызды. Шын мәнінде әлемдік философияның қайнар көзі екеу емес, үшеу екенін айту керек. Қытай мен Үнді арасындағы ұқсастық, Батыс пен Үндіге қарағанда аз, Батыс пен Үнділіктерді байланыстыратын, олардың арғы тегі мен тілі. Үнді мен Қытайды рухани туысқандастырған буддизм, ол б.з.д. II ғасырда ғана Қытайға енді. Көптеген философия тарихын зерттеушілер антикалық Батыс, Ежелгі Үнді және ежелгі Қытай үш әртүрлі, бірақ теп-тең рухани дүние ретінде қарайды.

Үнді философиясы біздің жыл санауымыздан 3 мыңдай жыл бұрынғы Ежелгі Үнді жерінде қауымдық қоғам ыдырап, оның орнына құлдық қоғам қалыптаса бастаған кезде пайда болды. Осыған орай Үнді қоғамы төрт варнаға бөлінді. Олар брахмандар (абыздар) кастасы, кшатрийлар – әскери аристократиялық каста, вайшилер – басы бос қоғам мүшелері, шудралар – төменгі каста, құлдар болады. Брахмандар – ой еңбегі, кшатрийлер – әскери қызмет, вайшилер ауылшаруашылық, қолөнер кәсібі, саудамен айналысты, шудраларға қара жұмыс қана тиді. Ежелгі Үнді қоғамы дамуының осы кезіне сай мифологиялық, философиялық көзқарастар қалыптасты.

Үнді, Қытай философиясының генезисі (пайда болуы) өте күрделі мәселе, ол олардың бай мифологиялық түсінігі тәсілдеріне қатысты. Қытайда мифологиялық сананы қатаң салт-жоралар ығыстырады. Философияда аңыз, ғылыми-теория, миф және логос арасындағы байланыс үзілмеді. Қытай философиясы мифтан пайда болған, бірақ Грек философиясындағы секілді оны тастап кетпейді. Миф қытайлықтар үшін танымның, өнердің көкжиегі, ондағы ұлттық психология мен философияның қалыптасуының негізі болды.

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 3. Антикалық философия

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Антика философиясындағы бастама (архе) мәселесі.
2. Сократ философиясындағы адам мәселесі.
3. Платон және Аристотель философиясы.

Дәріс тезистері:

Ежелгі грек философиясын қарастыру барысында, грек мифологиясы мен философиясының тығыз байланыстылығына назар аудару керек. Өйткені грек философиясы және ондағы алғашқы кезең ең басты тақырыпты, яғни дүниенің пайда болуы жөніндегі тақырыпты грек мифологиясынан алды. Бұл мифологияға және оған дейінгі ойшылдарға деген қарым-қатынасты білдіре

отырып, өз тұжырымын беру арқылы дүниеге басқаша, сыни тұрғыдан қарап, жалпы философияның ерекшелігін құрайды.

Грек философиясының тарихы Ежелгі Грециядағы бірегейлік полистік жүйеден көрініс береді. Сондықтан ежелгі гректердің ойын түсіну үшін, олардың қалай өмір сүргендігін, бір-бірімен қандай қатынаста болғандығын түсіну керек. Негізінен қоғамдағы шынайы қатынастар сол қоғамның көзқарасында өз бейнесін табады. Мифологиялық көзқарас рулық тайпалық қатынастардың кезеңінде қалыптасады. Сондықтан ежелгі грек құдайлары рулық күйде болып, табиғи стихиялар басқа стихилармен туып, және өздері тудырушылар болып табылады, яғни әрбір адамның, әрбір заттың әкесі мен анасы болады, мысалы Гея мен Уран форма мен материя сияқты. Тарихқа дейінгі кезеңде хаос болды, натурфилософтардың түсінігі бойынша бұл алғашқы негіз – архэ.

Ежелгі грек полистері – бұл мемлекеттегі қалалар. Сондықтан тағы бір ерекше фактор ол грек мәдениетінің қалалық мәдениет ретінде көрініс беріп басқа мәдениеттерге ұқсамауында. Сондықтан бұрынғы діни әдет-ғұрыптарды қайтадан қарастыру қажеттілігі туады. Мұны грек философиясының сынға ұшырауынан көруге болады, яғни ондағы атақты философтардың шәкірттері өз ұстаздарына сыни көзбен қарай бастады. Анаксимен, Платон, Аристотель сияқты ойшылдар өз ұстаздарының идеяларын қайтадан қарап өзгерте бастады.

Милет мектебі – антика философиясының пайда болу ошағы. Бардың Ағашқы бастауының іздеу. Фалес, Анаксимандр, Анаксимен ілімдері, олардың ортақ сипаттары. Пифагор, оның сан және өлшемділік туралы ілімі. Демокриттің болмыс пен бейболмысты бөлуі: әлемде барлығы атомдардан және олардың қозғалысынан тұрады.

Софистер даналықты ғана емес, адамгершілікпен шектелмей, іскерліктен, мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарды атқару білуден тұратын асыл қасиетке үйретуші ұстаздар. Сократтың этикалық философиясы, адамгершілік ұғымдарды анықтау. Сократтың өлімі – мәңгі өмір ретінде.

Платон мен Аристотель философиясы – грек философиясының ең биік дамуы. Платонның «Идеялар» теориясы: әр түсінікке болмыс сәйкес. Жетілген және әділетті, яғни идеалды мемлекет туралы ілім. Аристотель: категориялар туралы; материя мен форма туралы; болмысты зерттеу құралы ретінде логика туралы; адам жаны туралы; мемлекет туралы ілім.

Грек демократиясының б.д.д. IV ғ. соңындағы дағдарысы. Эллинистік философиясының және оның негізгі ағымдары стоицизм мен эпикуризмнің пайда болуы. Стоицизм идеалдары – сабырлық және тыныштық. Эпикур: рухани тұрақтылықтың гедонистік этикасы.

Негізгі әдебиет: 5, 7.

Қосымша әдебиет: 12, 20, 29.

Дәріс тақырыбы 4. Орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс философиясы

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ортағасыр философиясының ерекшеліктері.
2. Ортағасыр философиясының даму кезеңдері.
3. Реализм және номинализм: универсалийлер мәселесі.

Дәріс тезистері:

Ортағасырлық христиандық философия: Інжілдің діни-философиялық идеялары және антика философтардың ілімдері ортағасыр христиан философиясының негізі ретінде. Оның дамуының негізгі кезеңдері: апологетика, патристика, схоластика.

Аврелий Августин ілімі: Құдай туралы, екінші реалдық ретіндегі дүние туралы және тағдыр туралы.

Фома Аквинский: Құдай болмысының бес дәлелі. Философияны діни ілім ретінде түсіну. Томизм – католицизмнің теориялық құралы. Реализм және номинализм: универсалий табиғаты туралы пікірталас. У. Оккам: кез-келген танымның объектісі болып тек жеке табылады.

Ортағасыр мұсылман философиясы. Философия тарихын зерттеудегі европоцентристікті жеңу. Мұсылман елдеріндегі мәдениет пен дін.

Әл-Кинди және арабтілді философияның бастауы. Ибн Синаның таным теориясы. Ибн Рушд: дін, теология және философия; ақылдың діннен басымдылығы. Латын аввероизмі.

Әл Ғазали: мұсылмандық теология. Ақиқатты іздеу. Аристотелизмді сынау, теология мен суфизмді татуластыру. Арабтілді философиясының маңызы, оның еуропа философиясының дамуына әсері.

Батыстың және Шығыстың діни философиялық ойларын өзіндік ерекшеліктері, сонымен бірге дүниетанымдық мәселелерінің ұқсастықтары бар. Сондықтан христиан философиясының қалыптасу ерекшелігін, оның негізгі мәселелерінің әлеуметтік алғы шарттарын анықтау қажет. Антика философиясының рационалистік дәстүрлерін көп мөлшерде араб философиясының сақтап қалуының себебін түсіндіру. Араб ойшылдарының қойған мәселелері Батыс Еуропаның схоластикалық философиясының пікір таластарының орталығының болу себебі қандай.

Әрбір философиялық бағыт философиялық білімдердің өз үлестерін қосуға ұмтылысты. Дәл осы тұрғысынан ортағасырлық араб тілдес философиясына антикалық философиялық дәстүрлер, оның ішінде Аристотельдің философиясы әсер етті. Сондықтан белгіленіп қойылған сұрақтар жөніндегі дискуссияға қатысу курсанттармен ғылыми зерттеу жұмысына деген ептілікті талап етеді. Мұнда Аристотельдің философиясындағы негізгі тезистермен Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина сияқты араб философтарын салыстыру қажеттілігі араб философтарын салыстыру қажеттілігі туады.

Сонымен бірге мұнда Аристотельді және оның ілімін жалғастырушы мұсылмандық ойшылдардың ілімін сынаған ойшыл Әл-Газалиді де айтуға

болады. Философиялық тезистерді талдау, оларды салыстыру, ондағы жалпылық пен ерекшеліктерді айқындау философияны оқыту курсындағы курсанттардың методологиялық дайындығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Негізгі әдебиет: 2, 4, 8.

Қосымша әдебиет: 11, 15, 20, 28.

Дәріс тақырыбы 5. Қайта Өрлеу философиясы

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Қайта Өрлеу философиясының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары.
2. Гуманизм және Қайта өркендеу дәуіріндегі әлеуметтік-саяси философия.
3. М. Лютердің реформациясы.

Дәріс тезистері:

Қайта өрлеу бір замандағы, яғни б.з.д. V ғ. шарықтаған грек философиясының, мәдениетінің, өнерінің, әдебиетінің 1500 жыл бойы қыспақта болып, енді жаңадан жаңғырып оралуын білдіреді. «Ренессанс» - «Қайта өркендеу», жандану, жандандыру, қайта даму, қайта туу.

Қайта өркендеу деп – Батыс және Орталық Еуропадағы мәдениеттің XIV-XVI ғғ даму кезеңін айтады. Бұл кездегі ойшылдар шіркеу догмалары мен Орта ғасырлардағы адам тағдырының Құдай ыркына тәуелді екендігі туралы түсінікке күмән келтіреді. Адамды әлем мәселелерінің ортасына қойып, олар оның өзін ғана емес, сонымен бірге іс-әрекеттерінің де мәнін жоғары көтерді.

Қайта өрлеу дәуірінің негізгі сипаты, оның адамға бағытталуы болды. Ежелгі антикалық философтар дүние ортасына күш-қуат берген, рух, жігер туғызатын Космосты, ортат ғасырда Құдайды, Қайта өрлеу дәуірінде Адамды қойды. Сондықтан, қайта өрлеудің ерекшелігі – антропоцентризм. Енді зерттеудің орталық мәселесі – Құдай емес, адам болды. Адамның әлемдегі орны, оның бостандығы, тағдыры Леонардо да Винчи, Микеланджело, Эразм Роттердамский, Николло Макиавелли, Томас Мор, Мишель де Монтень секілді ойшылдарды толғандырды. Адам мен оның тағдырына, шығармашылық бастамасына тұрақты көңіл аударғаны үшін, оларды «гуманистер» деп атады. Гуманизм қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркіндікке жетелеуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс.

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистік ойлар: «Гуманизм» терминін (латынның *humanitas* – адамшылық) белгілі Римнің саяси қайраткері, Цицерон б.з.д I ғасырда қолданды. Оның ойынша *humanitas* – адамның тәрбиесі және білімі, оның жоғарғы дәрежеге жетуіне мүмкіндік туғызады. Адамның рухани табиғатының жетілуінде негізгі рөл грамматика, риторика, поэзия, тарих, этика пәндеріне беріледі. Атап айтқанда, ренессанс

мәдениетінің теориялық негізі – осы пәндер. Оларды *studia humanitas* (гуманитарлық пәндер) деп атады.

Жаңа құндылықтар жүйесі пайда болды, алғашқы болып адам және табиғат, одан кейін ғана дін және оның мәселелері тұратын болды. Бұл дәуірдің тағы бір ерекшелігі ренессанстық мәдениет пен философияның дінді ғылымнан, саясаттан, моральдан бөлуі (секуляризациялануы) болды. Секуляризация – қоғамның, адамның дін ықпалынан арылуы, шіркеу меншігінің мемлекеттік меншікке ауысуы. Енді мемлекет, мораль және ғылым мәселелері дін арқылы қаралмады. Болмыстың әртүрлі саласында бұлар өз бетінше, діннен тыс өмір сүретіні, өзінің заңдары бары мойындалды. Тек оларды философтар әзірше көп қарамады, тәжірибелік ғылымның қалыптасуына байланысты жалғыз ақиқат табиғат туралы білім болып саналды (Коперник, Кеплер, Галилей, Бруно).

Осы кезде жаңа философиялық бағыттар пайда болды. Олар деизм мен пантеизм. Деизм – әлемді Құдай жаратқан, бірақ күнделікті қоғам өмірі мен табиғат дамуына оның қатынасы жоқ дейтін діншіл философиялық ағым. Деизм – аспандағы «парламентаризм». Деистердің көбі әлем туралы өз түсініктерін жаратылыстану ғылымының жаңа салаларында қалыптастырды. Діннен ғылымның тәуелсіздігін қорғады.

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 6. Жаңа Заман философиясы. XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философия

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Жаңа Заман философиясының жалпы сипаттамасы.
2. Жаңа Заман философиясының рационализмі.
3. Жаңа Заман философиясының эмпиризмi.

Дәріс тезистері:

Философияда дүние туралы ғылыми түсініктің дамуы. Ф.Бэкон – танымның қазіргі заманғы индуктивтік методының және ғылыми қызметті логикалық жүйелеудің негізін салушы. Ф. Бэкон эксперименттің таным барысында басымдылығы туралы. «Білім – күш», «Идолдар» сыны.

Р. Декарт рационализмі: «Ойлаймын, демек тіршілік етемін». «Универсалды математика» біртұтас ғылыми әдіс ретінде. Субстанция туралы ілім.

Дж. Локк: туа біткен білімдерді терістеу, эмпиризмнің дамуы, бірінші және екінші сапалар теориясы, табиғи құқық принциптері. Д. Юмнің агностицизмі: себептіліктің объективтік сипатын танып білудің мүмкін еместігі.

Б. Спиноза: субстанция туралы ілім. Субстанцияның сипаттық белгілері. Спинозаның пантеизмі. Г. Лейбниц: әр түрлі субстанциялардың шексіз көптігі – монадалар туралы ілім.

Философия адамның белгіленген кезеңін анықтаудағы басты ерекшелік ретінде танымның жалпы ғылыми әдістерін тұжырымдау тәсілдерін өңдеу, берілген жаратылыстану ғылымдарын жүйелеу мәселесі көрініс беріледі. Ғылым философиясы деп аталатын философиялық білімнің жаңа бір саласы қалыптасты. Философия барлық ғылымдар үшін шынайы білімнің әдісін табуға, зерденің заңдарын айқындауға бағытталады. Зерденің танымдық мүмкіндіктеріне деген әр түрлі көзқарастардың талас-тартыс арқылы жаңа дәуірдегі философиясындағы негізгі идеялармен танысу курсанттарға өздерінің ғылыми тұрғыдан ойлау стилін қалыптастыруға көмектеседі.

Жаңа дәуір Еуропалық ғылым тарихы және жаңа буржуазиялық ойлауды қалыптастыруға да зор қызығушылық танытты. Ғылым тек теологияны қамтамасыз етіп соған қызмет етпейді, бірақ дербес өндіргіш күшіне айналды. Бұл атақты ағылшын саяси қайраткері Ф.Бэконның қызметінің арқасында мүмкін болды. Ол бірінші болып, ғылыми қызметтің сферасын діни сферадан ажырату жайында ұсыныс жасады.

Егерде ағартушылық және бүкіл ХІХ ғасыр үшін бұл өзгеріс революциялық тұрғыдан көрініс берсе, онда көптеген философтар, мұндай түсініктен ғылымның мақсаты мен міндеттерін, рухани және экологиялық дағдарыстың себебін көре білді. Франциядағы Ф.Бэконның ілімін жалғастырушылар Р.Декарт, ал Голландияда Б.Спиноза болды.

Ағартушылық дәуір философия тарихында және мәдениетінде негізгі рөлге ие. Ағартушылық идеялар Англияда Д.Локк, Д.Юмның еңбектерінде, Францияда Руссо, Д. Дидро, Вольтердің еңбектерінде көрініс табады.

Негізгі әдебиет: 2, 3.

Қосымша әдебиет: 16, 19, 20.

Дәріс тақырыбы 7. Классикалық неміс философиясы

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Неміс классикалық философиясының пайда болуының әлеуметтік-мәдени шарттары.
2. И. Канттың гносеологиясы.
3. Гегельдің диалектика туралы ілімі.

Дәріс тезистері:

Немістің классикалық философиясы – адамзат мәдениеті мен философиялық ойлау дамуының маңызды сәті. Бұл философияның негізін салған Иммануил Кант (1724 - 1804 ж.), Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814 жж.), Фридрих Вигельм Иозеф Шеллинг (1775-1854 жж.), Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831жж.) және Людвиг Андреас Фейербах (1804-1872 жж.). Аты аталған философтар өз жүйелерін жасады, олардың идеялары мен

тұжырымдары аралығындағы ерекшеліктердің болғанына қарамай, бір рухани органы қалыптастырды.

XVIII ғасырдың аяғымен XIX ғасырдың басында Германия экономикалық, саяси жағынан артта қалған бытыраңқы жартылай феодалдық ел болды. Ұлт буржуазиясы әлсіз болғандықтан, өкіметке қарсы ашық күресе алмады және революциядан қорықты, сондықтан феодалдармен ымыраға келді. Неміс классикалық философиясының өкілдері де, жай қала халқынан (бюргер) шыққандықтан, тек жалпы философиялық мәселелермен айналысты. Олар өз заманының білімді адамдары болды, университеттерде сабақ беріп, ғылыммен шұғылданды; сол кездегі Англияда болған өнеркәсіп төңкерісі, оның негізінде табиғаттану ғылымының дамуы, 1748-1794 жылдары Францияда болған буржуазиялық революцияның прогресшіл идеяларының Герман буржуазиясына тигізген әсеріне көп көңіл қойып, ой қозғады.

Неміс классикалық философиясының тарихы философиядағы күрделі бөлімдерінің бірі болып табылады. Бұл француз философтарына қарағанда неміс ойшылдарының тілдерінің күрделі болуымен байланысты. Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы, Кенигсберг қаласынан шыққан И.Кант. Ол философиялық ғылымдардың даму сферасын мынадай сұрақтар арқылы анықтады. Олар: «Мен нені біле алам?», «Мен не істеуім керек?», «Мен неге үміттенуім керек?».

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 8. XVIII ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Маркстік философия.
2. Классикалық емес философия.
3. Постмодернизм.

Дәріс тезистері:

19 ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында философияда иррационалдық сипаттағы бағыттар қалыптаса бастады. Иррационализм ұғымы рационализмге кері деген мағананы береді. Ақылмен түсінуді мүмкін емес деп, танымдағы басқа қабілеттерге назар аударады. Осы кезеңдерде пайда болған философияға бейклассикалық деген айдар тағылды. XX ғасыр философиясының бастамасы «Өмір философиясы» болды. Оның бірінші нұсқасы А.Шопенгауэр, Ф.Ницше, А.Бергсон есімдерімен байланысты. Олар күшке табыну түйсіктеріне мән берді. А.Шопенгауэр мен Ф.Ницше “ерік философиясын” қалыптастырды. «Өмір философиясының» екінші нұсқасы Дильтей және Шпенглер сияқты философтардың есімімен байланысты болды. Олар өмірді алғашқы реалдылық деп қарастырды. Анри Бергсон

философиясында интуицияға көп мән берілді. Өмір аналитикалық ақыл таразысына салуға келмейді деп шешті.

«Өмір философиясының» өкілдері ақылгөйсимін деп, тек қайғыға тап етті. Тылсым дүниені көп айтып кетті. Осы философтарды теріске шығарсақ қайтеді деген ғалымдар шықты. Метафизикалық философияны терістеп шыққан философияны позитивизм деп атады. Бұл ағымның атының өзі позитивтік, яғни дұрыс әрі дәлелденген білімді ғана мойындау дегенді білдіреді. Позитивизмнің негізін қалаған Огюст Конт (1798-1857). Позитивисттер нақты ғылымдарды білімнің бірден-бір көзі деп жариялаған. Олар философиялық зерттулердің танымдық маңызын теріске шығарған.

Қазіргі батыс философиясының аясында ХІХ ғасырдың аяғы ХХІ ғасырдың басындағы АҚШ философиясы мен батыс-европалық философиясы түсіндіріледі. Бұл дәуір – адамзаттың рухани және материалдық дамуына өз үлестерін қосып, өздерінің талғамды және терең идеалдарымен философиялық мәдениетті байытуға ұмтылған, керемет ойшылдардың ордасына айналған классикалық емес философия дәуірі болды. Осы кезеңдегі батыс философиясынан – сол қоғамның бетке ұстар философтары, көптеген мектептер, бағыттар мен концепциялар орын алды. Олардың ішіндегі ең негізгі бағыттарға мыналар жатады: феноменология, позитивизм, сыни рационализм, прагматизм, постпозитивизм, неокантианство, экзистенциализм, персонализм, структурализм, постмодернизм.

Батысеуропалық мәдениеттегі «адамның өлуі» феномені және адамның қайта оралуының себептері мен жолдарын философиялық қайта ойластыру. Структурализм философиясы. Постструктуралистердің философиялық ізденістері. Батыстық қоғамның генеалогиясы, социум мен адам өмірінің барлық салаларына биліктік қатынастардың еніп кетуінің матрицаларын өкшеу. Билік пен білім контаминациясы мәселесі М. Фуко.

Постмодернизм рухани күй, өмір салты және философия ретінде. Постмодернизм философиясының қалыптасуы. Постмодернистік ойлаудың өзіндік ерекшелігі. Постмодернизм философиясы және батыстық мәдениет негіздемелерін сыни талдау. Постмодернистік философияның позитивтік бағдарламасы.

Негізгі әдебиет: 3, 6.

Қосымша әдебиет: 11, 19, 30.

Дәріс тақырыбы 9. Қазақ философиясы

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Қазақ философиясының қалыптасып-дамуының негізгі кезеңдері.
2. Түркі дүниетанымы – қазақ философиясының бастауы.
3. Қазақ ағартушылары.

Дәріс тезистері:

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. Номадтық мәдениеттің синкретизмі. Қазақтың халықтық шығармашылығындағы дүниетанымдық ізденістер. Жыраулар шығармашылығындағы философиялық сарындар. Сопылық дәстүр, оның қазақ философиясы қалыптасуына әсері.

XVII-XVIII ғ.ғ. қазақ хандығы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарындағы әлеуметтік-философиялық сарындар. «Жеті Жарғының» философиялық контексті. Космологиялық және антропософиялық ілімдер (Доспамбет, Дулати).

Ш.Уәлихановтың философиялық көзқарастары. Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің философиялық идеяларының антропоцентризмi мен гуманизмі.

Абай Құнанбаев адам мен Құдайдың, сенім мен білімнің арақатынасы, адам өмір сүруінің мағынасы туралы. Дін философиясы. Таңдау еркіндігі мәселесі. Абайдың адамгершілік философиясы.

Шәкәрім Құдайбердиевтің философиялық шығармашылығы. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. алғашқы жартысындағы қазақ ұлттық зиялы қауымының (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Шоқай, Ж.Ақпаев және т.б.) еңбектеріндегі философиялық тақырыптама. XX ғ. қазақ зиялы қауымы шығармашылығындағы рационалистік идеялар. Марксизмге деген қарым-қатынас.

Қазақ ойшылдары философиялық идеялары мен ілімдерінің қазақ халқының ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына, өзінің этникалық қауымдастығын сана елегінен өткізуге әсері. Қазақ халқының патриоттық белсенділікке деген дүниетанымдық бағдарының қалыптасуындағы қазақ философиясының ролі.

Диалектикалық логиканың қазақстандық мектебінің қалыптасуы мен жетістіктері. Қазақстандық философтардың зерттеулерінің негізгі бағыттары: Ж.М. Әбділдин, М.И.Баканидзе, Н.Д. Джандильдин, Т. Жангельдин, Л.К. Науменко, А.Х. Қасымжанов, Г.А. Югай, Қ.Ә. Әбішев, А. Қасабек, Д. Кішібеков, Ә.Н. Нысанбаев, М.С. Орынбеков және т.б.

Қазақ халқының мәдени және әлеуметтік бірдейлігін іздеу және табу жолдарын ойластыру. Қазақ философиясы мен мәдениеті тарихы бойынша зерттеулердің қалыптасуы: О.А. Сегізбаев, А. Қасабек, М.С. Орынбеков, Ғарифолла Есім, Т.Х. Рысқалиев, Ж. Әлтаев, Т.Х. Ғабитов, Қ.Ш. Нұрланова, Ж. Мүтәліпов, Д.С. Раев, Ғ.Т. Телебаев және т.б. Мәдениет философиясы мәселелерін қазақстандық зерттеулерінің қалыптасуы кайнарында: Б.Ғ. Нұржанов, А.А. Хамидов, А.Б. Наурызбаева және т.б. Қазақстандық қоғам тұрақтануының мәдени және өркениеттік тұрғыда маңызды сауалдарын ой елегінен өткізу. Өркениеттік дамудың қазақстандық моделін іздестіру (Ғарифолла Есім, Ә.Н. Нысанбаев және т.б.). Жатсыну феноменін философиялық талдау (Қ.Ә. Әбішев, З.А. Мұқашев, А.А. Хамидов). Ғылыми зерттеу методологиясының мәселелері (Ә.Н. Нысанбаев, М.С. Сәбит, М.Ш. Хасанов, М.З. Изотов және т.б.). Этникалық қатынастарды нығайту жолдарын және этникалық интеграция мәселелерін ойластыру, рухани

құндылықтық бағдарларды іздестіру (Б.Қ. Құдайбергенов, Н.Ж. Байтенова, С.Е. Нұрмұратов). Посткеңестік философияның тұрақты қазақстандық қоғам орнатуға деген дүниетанымдық нұсқама мен бағдарлардың қалыптасуына, қазақстандық менталитеттің, қоғамда жүргізіліп жатқан реформаларды рационалды түсіну мен қабылдаудың қалыптасуына, мәдени бірдейлік, ұлттық қауіпсіздік сауалдарының қойылуы мен талқылануына әсері.

Негізгі әдебиет: 3, 4, 5.

Қосымша әдебиет: 13, 14, 16.

Дәріс тақырыбы 10.

Болмыс – онтологияның негізгі категориясы ретінде

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Онтология – болмыс туралы ілім.
2. «Материя» ұғымы.
3. Философиядағы сана мәселесі.

Дәріс тезистері:

Онтология дегеніміз – болмыс туралы ілім. Бұл туралы түрлі пікірлер мен ойлар, анықтамалар бар. Болмыс – тарихи қалыптасқан терең мағыналы, кең ауқымды философиялық ұғым. Адамдар арасындағы қатынаста «болмыс» термині үш мағынада қолданылады. Болмыс, кең мағынасында, объективтік шындық. Болмыс – қоғам мен адамдар өміріндегі материалдық және рухани дүниенің қорытындысы. Болмыс - «өмір сүру» сөзінің синонимі. Жай күнделікті әңгімедегі «болу», терминіне сәйкес келеді.

Философияда «болмыс» терминіне ерекше мән беріліп, ол онтология категориясы болып қалыптасады. Бұл философияның адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін нақты шындық туралы бөлімінде айтылады. Адам, индивид ретінде, жеке тіршілік иесі ретінде әрекеттенеді. Оған: тұратын жері немесе тұратын үй-жайы; рухани атмосфера, психологиялық күйі, ерекшелігі; істейтін ісі немесе жұмысы, қызметі, т.б. әсер етеді. Болу – өмір сүру. Адам өмірі бәріне де тәуелді: уақыт пен кеңістікке, материалдық өндіріске, генетикасы мен әлеуметтік ортасына, т. б.

Сананың пайда болуының екі жағы бар: биологиялық шарттары, әлеуметтік негізі.

Биологиялық шарттарға:

1. Маймыл тәрізді хайуанаттардың, адамға аз да болса ұқсас биологиялық түрдің пайда болуы.
2. Бастағы ми, нерв жүйесінің күрделенуі. Екінші сигналдың - объективті затты алмастырушы субъективтік бейнелердің сырт белгілерінің (дыбыс, қимыл, т.б.) дамуы.
3. Дене құрылымы, тік тұрып жүруі, аяқ-қолдарының жетілуі, қолдың босап, ойда туғандарды істе тексеру мүмкіндігінің артуы.

Әлеуметтік негізге:

1. Еңбек құралдарын жасап, заттарды өңдеу күштің көбеюі.
2. Сөз, тілдің пайда болуы. Еңбек құралдары табиғатта дайын түрде жоқ, оны жасауда жас ұрпаққа үйрету, тілді жетілдірудің қажеттілігін тудырады. Сөз өз кезегінде абстракциялық ойлауды (бейнелермен алдын-ала мида жұмыс істеу) дамытады.
3. Адамдар арасындағы материалдық, рухани қатынастардың жетіліп, сүйіспеншілік, өзара көмек, келісе шешуі өседі.
4. Адам санасынан тыс өмір сүретін құбылыстардың - өндіріс, отбасы, ұлт, тіл, т. б. әлеуметтік құрылымдардың күрделенуі, әртүрлі ілімдердің пайда болуына әкеледі.

Негізгі әдебиет: 2, 3, 7, 8.

Қосымша әдебиет: 16, 17, 23.

Дәріс тақырыбы 11. Даму принципі: диалектика және синергетика

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Диалектика – даму туралы ілім.
2. Диалектиканың негізгі принциптері мен заңдары.
3. Диалектиканың категориялық аппараты.

Дәріс тезистері:

Диалектика – сөзі ертедегі гректің екі - дия (екеу), лог (ұғым, мағына) сөзінен тұрады. Диалог екеудің әңгімесі. Диалектиканың пайда болуы пікірталастық іс-әрекетке байланысты болды. Себебі, ертедегі гректің ақылды, шешен кісілері сенатта, сотта сөз сөйлеп жұртты өз пікіріне қарататын, диалог арқылы өз мақсатына жететін, өзіне жақтастар таба алатын. Шындықты табудың көзі – айтыс, қарама-қарсылық пікір және сөз таластыру арқылы ақиқатқа жету. Диалектика белгілі бір процесс, ақыл-оймен дүние мәңгі қозғалыста, қимылда деп түсіндіру әдісі.

Диалектика – ойлаудың ең икемдісі, дүниені жан-жақты зерттеудің, яғни әртүрлі байланыстардың әрқайсысын ашып, қарама-қарсы күштердің даму барысындағы өзгерістер мен процестердің негізін табу. Диалектика – ойлаудың объективтілігі, софистика – ойлаудың субъективтілігі.

Диалектика ұғымы үнемі тарихи дамуда болып, мазмұны тереңдей береді. Сондықтан оның тарихи формаларын ажырата білу керек: стихиялық немесе қарапайым диалектика – дүниенің сезімде берілетін сырт бөлгінің мәңгі өзгерісіне сүйенеді; идеалистік диалектика – ақыл-ойдың жалпы ұғымдарының бір-біріне ауысып отыратынына негізделген; идеалистік-тарихи диалектика – ұрпақтар санасындағы қайшылықтардың болуына жүгінеді; материалистік диалектика – қайшылық пен даму санада ғана емес, дүниенің өзінде де барын дәлелдейді. Осыны нақтылау үшін объективтік диалектика (санадан тыс дүниенің дамуы) және субъективтік диалектика (сана-сезімнің дамуы) деп бөлеміз. Жалпылай келгенде, диалектика бүкіл болмыстың (материя мен сананың) дамуы туралы ілім. Содықтан оны

табиғаттың, қоғамның, адам санасының жалпы заңдылықтарын ашатын ілім деп санаймыз.

Диалектикалық әдіске қарама-қарсы метафизикалық ойлау әдісі бар. Бұл әдісті Софистика (софизм) мен эклектика ағымдары қолданды. Софизм бір нәрсені дәлелдеп, пікір айтуға логика қағидасын бұзатын теріс тәсілдер қолданады және бұл дәлелі дұрыс секілді болып көрінетін әртүрлі айлашараны пайдаланды. Әрине, бұл кезде объектінің ішкі болмысын, табиғатын шынайы ашпай, сыңаржақтылыққа ұрынады. Ал, эклектика (гр. Eklego-таңдаймын) – әртүрлі бағыттар немесе шындықтардың негізгі шешуші жағын айқындап алмай, түрліше қарау жолдарын принципсіз, қалай болса солай біріктіре салу.

Негізгі әдебиет: 3, 4, 5.

Қосымша әдебиет: 13, 14, 16.

Дәріс тақырыбы 12. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми танымның ерекшеліктері

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Танымның субъектісі мен объектісі.
2. Танымның деңгейлері мен формалары.
3. Ақиқат ұғымы. Ақиқаттың критерийлері.

Дәріс тезистері:

Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік, тарихи тұрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Танымның деңгейі мен мәні қоғам дамуының деңгейіне байланысты. Сондықтан ол тарихи тұрғыдан өзгермелі болады. Танымдық процестің негізгі элементтеріне танымның объектісі мен субъектісі жатады. Осының барысында танымның объектісі табиғи объектімен сәйкеспейді, қайта адамның субъективтік мүдделері мен мақсаттары көрініс беретін бөлігі болып табылады. Таным сезімдік және рационалдық болып табылатын екі түрлі негізгі деңгейлерде жүзеге асырылады. Танымның сезімдік деңгейі мына формаларға ие – түйсік, қабылдау, елестету. Ал, танымның рационалдық деңгейіне ұғыну, пайымдау, ойқорытынды жатады. Танымның осы деңгейлерінің арасында диалектикалық өзара байланыс бар.

Таным процесіндегі негізгі мәселе ақиқат болып табылады. Ақиқаттың абсолютті және салыстырмалы формалары. Таным ғылыми және ғылыми емес деңгейлерде де жүзеге асырылады.

Ғылыми таным дегеніміз – жүйелілік, білімдердің негізділігі, ғылымның тілі, ғылыми зерттеулердің әдістері мен құралдары сияқты ерекше белгіге ие танымның түрі болып табылады.

Танымның ерекше түріне әлеуметтік танымды жатқызамыз. Мұндағы ең маңыздысы зерттелетін объектілерге объективті түрде сипаттама беріліп қана қоймай адамның құнды мәніне де көңіл бөлінеді.

Философия ғылымы ғылыми білімдердің құрылымын, оның дамудағы заңдылықтарын, ғылыми зертеулердің методтарын оқып үйренуде, эпистемологиядан ерекше орын алады. XX ғасыр философиясы ғылымның дамуына әлеуметтік контекстен тыс ғылыми негізде талдау жасауы мүмкін емес. «Постпозитивизм» философиясының өкілдері негізгі назарын ғылымдардың әлеуметтік-гуманитарлық ойлармен жан-жақты байланысына аударады. Философия ғылымының бір бөлімі, яғни ғылымның әлеуметтік статусын, оның жағымды критерилерін қарастыратын тақырыптармен танысу қажет.

Негізгі әдебиет: 2, 3, 7, 8.

Қосымша әдебиет: 16, 17, 23.

Дәріс тақырыбы 13. Философиялық антропология

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Философиядағы адамның негізгі бейнелері.
2. Іс-әрекет – адамның мәнді сипаттамасы.
3. Еркіндік және жауапкершілік.

Дәріс тезистері:

Адам болмысы философиядағы басты проблемалардың бірі болып табылады. Адамның табиғаты, мәні, бағыт-бағдары философиядағы антропологиялық мәселелердің өзектілігін және ерекшелігін анықтайды.

Адамның философиялық концепциясы ғылымдардың жалпы философияның негізі ретінде көрініс бере отырып, еңбек, сана, ұжымдылық деген сияқты адамның тектік мәнінің негізгі формаларын талдайды. Мұнда антропосоциогенез процесінде сананы, сонымен бірге заттық-практикалық қызметті қалыптастыратын негізгі факторлар болып табылатын тіл мен еңбектің роліне көп көңіл бөлінеді. Адамның тіршілігін үйлестіруге, оның құндылығы мен мәнін анықтауға деген ұмтылыстар идеалды адам концепцияларында жүзеге асырылып, философияда гуманистік дәстүрді тудырды. Адамның индивидуалды тіршілігінің ақыры, өмірі, өлім және өміршеңдік /бессмертия/ мәселелері, «өлуге құқылы» /Эвтаназия/ мәселесі, адам өмірінің әлеуметтік және биологиялық және әлеуметтік жалғастығы сияқты философиялық гуманизмнің классикалық мәселелері қазіргі заманымызда да актуальды.

Бірыңғай әлемдік қауымдастықты қалыптастырып, дамыту сияқты интеграциялық процестер қазіргі заманда адамзат тағдырын ғаламдық тұрғыдан қарастыруды біргеялі идеясын адам мен адамзаттың бір-біріне өзара қарым-қатынасының философиялық негіз етіп алады.

Тапсырмалары: Әлеуметтік философия пәні. Қоғам феномені. Қоғам пайда болуы (генезисі). Антропосоциогенез. Қоғам өмірінің күрделіленуі. Саясат. Мемлекет. Қоғамдық келісім идеясы. Азаматтық қоғам. Биліктерді

бөлісу идеясы. Мемлекет пен қоғамның ажырасуы. Қоғамның әлеуметтік құрылымы.

Өзіндік бақылау материалдары: Философия классиктерінің жұмыстарын конспект жасау. Әсіресе оқулық және оқу құралдарындағы бөлімдерге және «Философия сұрақтары», «Философиялық ғылымдар» атты қазіргі заманғы журналдардағы мақалаларға талдау жасау. Тесттік тапсырмаларды орындау.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4, 5, 6, 7, 8.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 15, 19, 20, 21, 27.

15-Тақырып. Қазіргі уақыттағы жаһандық сын-қатерлерді философиялық тұрғыдан ұғыну

Тапсырмалары: Глобалдық мәселелер және олардың пайда болуының себептері. Экологиялық апат қаупі және оны жеңудің негізгі сценарийлерінің философиялық мағынасы. Глобалдану, глобализм және антиглобализм тарихтың қазіргі ұйғарым-талабы ретінде. Глобалдық модельдеу «Римдік клубтың» негізгі мәселесі ретінде. Глобалдық мәселелерді зерттеудің негізгі бағыттары. Футурологиялық мәселдеменің қалыптасуы.

Өзіндік бақылау материалдары: Философия классиктерінің жұмыстарын конспект жасау. Әсіресе оқулық және оқу құралдарындағы бөлімдерге және «Философия сұрақтары», «Философиялық ғылымдар» атты қазіргі заманғы журналдардағы мақалаларға талдау жасау. Тесттік тапсырмаларды орындау.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4, 5, 6, 7, 8.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 15, 19, 20, 21, 27.

КУРСТЫҚ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРДЫ, РЕФЕРАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ, ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Рефератты жазуға арналған әдістемелік нұсқаулық

Курсанттардың орындауға міндетті өздік жұмыстарының бірі, берілген тақырып бойынша реферат жазу.

Курсанттар өздігінен бір оқу айналымында «Философия» пәні бойынша реферат дайындап, оны қорғауға міндетті. Реферат тақырыбы семестрдің алғашқы аптасында беріледі.

Рефераттың мақсаты бойынша курсант «Философия» пәні бойынша берілген тақырыптың жүйелілігін, өзектілігін, маңыздылығын аша отырып, өз бетінше теориялық мәселелерді көтеріп, оларға талдау жасап, еркін баяндап, қорытынды жасай алуы қажет.

Оқытудың бұл түрінің ерекшелігі мен құндылығы – мұндай оқу түрі арқылы курсант осы уақытқа дейін жинаған білімін бір жүйеге келтіре

отырып, осы және өзге де мәселелерді логикалық тұрғыдан және сыни тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік алады.

Реферат жазу жаңа мәліметтер алуға шектеу қоймайды, керісінше, жаңа білім жинауға және ғылыми-зерттеу жұмыстарының алға жылжуына әсер етеді.

Реферат жазуға қатысты жалпы сұрақтар

Рефераттың тақырыбы курсантқа жеке тапсырма ретінде немесе ұсынылған тақырыптар бойынша оқытушымен келісіп беріледі.

Дегенмен, мұқият құрастырылған тақырыптар философияны оқыту барысындағы көптеген және барлық мәселелерді қамти алмайды. Реферат тақырыбын курсанттың өзіне де таңдауға шек қойылмайды. Тақырыптың маңызды және ауқымды болуын, мақсатты қаралуын, қисынға келтіре отырып зерттелуін курсантқа үйретіп, көмектесу оқытушының міндеті болып табылады.

Бір тақырыпты бірнеше курсанттарға қайталап беруге тиым салынады.

Курсантқа тақырыпқа қатысы бар, аса тиімді, қолайлы пікірі бар әлеуметтік, саяси, тарихи және философиялық тұрғыдағы жұмыстарды ұсынуға болады. Ондай пікірлерді «Мысль», «Философия ғылымы», Вестник КазНУ», «Саясат» және басқа курсанттармен жазылған рефераттардан алуға болады.

Рефератты семинар сабағында қорғаған дұрыс. Семинар сабағын талқылау және дискусстық сабақ ретінде өткізу қажет.

Рефератты жазуға мынадай талаптар қойылады:

1. Көрнекілігі бойынша:

Титул парағы, жұмыс жоспары және пайдаланылған әдебиеттері бар реферат қана қорғауға жіберіледі. Рефераттың барлық беттері нөмірленген болуы қажет.

2. Мазмұны бойынша:

Рефератта тақырыптың маңыздылығы, мақсаты және шешімдерді шешу жолдары, шешуге тиіс және шешілген сұрақтардың анализі, күрделі мәселелердің жауаптары міндетті түрде қамтылуы тиіс.

Рефератты жазып аяқтағаннан соң, курсант өз жұмысын сабақ кезінде қорғайды. Қорғалған рефератты міндетті түрде мұрағатқа өткізілуі үшін кафедраға тапсыруы қажет.

Төмен баға алған жағдайда, реферат қайтадан өңдеуге жіберіледі немесе жаңа тақырып беріледі.

Рефераттың мазмұны және құрылымы

Философия бойынша реферат қолмен немесе машинада басылған, көлемі 10-15 бет қалыпты мөлшерде болуы қажет.

Рефераттың мынадай құрылымдары ұсынылады:

Кіріспе - 1-2 бет

Кіріспеде курсант тақырыбының мақсатын, маңыздылығын және нақты деректермен айқындап алуы қажет.

1 бөлім – 5-6 бет

Бірінші бөлім кіріспенің жалғасы болып табылады. Бұл бөлімде тақырыптың қысқаша тарихы баяндалады және сұрақтардың жалпы болмысы автордың ой-пікірімен ұштасып қарастырылады.

2 бөлім – 5-6 бет

Екінші бөлімде жинақталған материалдар бойынша тақырыптың мазмұнына талдау жасалады. Сондықтан да рефератта мәселенің күрделілігі нақты көрсетілуі тиіс. Егер курсант тақырыбын өзінің мамандығымен байланыстыра отырып жазса, рефераты әсерлі болады.

Қорытынды – 2 бет

Қорытынды бөлімде автор өзі жинақтаған материалға тұжырым жасайды. Және де осы тақырыптың келешектегі даму жолдары көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне соңғы жылдары шыққан маңызды, оқу және анықтағыш әдебиеттер кіреді. Сонымен қатар ғылыми монографиялар да жатады. Реферат жазуға қолданылған әдебиеттер ғылыми еңбектерге, баспаларға сәйкес келуі тиіс.

Рефератты тексеру кезінде, тақырыптың толық және терең, жүйелі ашылуына аса назар аудару қажет.

Мәтінді теріс пайдаланып, асыра баяндаудың қажеті жоқ.

Эссе жазуға арналған әдістемелік нұсқаулық

Семестр барысында әрбір курсант эссе жазып өткізуі керек. Эсседе курсант белгілі бір мәселе бойынша өз ойын жазады. Эссені семестрдің 10-шы аптасында өткізеді. Эссе 2-3 беттен тұрады. Эссе шығармашылық жұмыс болғандықтан, біреудің жазған жұмысын ұрлауға, көшіруге рұқсат етілмейді.

Эссе жазуға мынадай талаптар қойылады:

Көрнекілігі бойынша:

Титул парағы, пайдаланылған әдебиеттер (қажет болған жағдайда) эсседе міндетті түрде болуы қажет. Барлық беттері жоғарыдан ортасында нөмірленуі керек.

Мазмұны бойынша:

Эсседе міндетті түрде тақырып бойынша мәселелер қарастырылып, талдау жасалуы қажет.

Жобаның тұсаукесері мен әзірлеуіне әдістемелік сипаттама

«Философия» пәні бойынша курсант бір оқу кезеңі бойынша презентация жасап, оны семестр аяқталғанға дейін ұсынып, қорғап шығуы қажет.

Презентация дайындау «Философия» пәні бойынша білім алып жатқан курсанттың білімін шыңдап, өз бетінше талдау жасап, баяндама жасауына негіз болады.

Жоба жасау – курсанттан гуманитарлық ғылымдар бойынша анықтамалық және ғылыми материалдарды оқып, жинауды, орнықты мәлімет алуды, өздігінен қабілетін жетілдіріп, білімін кеңейтуді талап етеді.

Курсанттар белгілі бір зерттеу нысаны бойынша тақырып алып, сол бойынша жоба ұсынады. Тақырыптарды қайталауға рұқсат етілмейді.

Жобаның құрылымы:

Тақырыпты дәлелдеу

Тақырыптың негізгі мәселесі мен түйінді мәселесін көрсету

Негізгі дереккөздеріне қысқаша шолу

Сандар мен дәлелдер

Қазіргі қалпы мен үрдістері

Шешілу жолдары, ұсыныстар мен сипаттамалары

Жобаның талаптары:

Жоба ұзақтылығы 10 минут болуы қажет

Power Point бағдарламасы арқылы дайындалуы қажет

Бағалау өлшемі:

Мазмұнының жүйелілігі

Нақты дәлелдері мен аргументтері

Қисындылығы

Жаңашылдығы

Өзектілігі

Іс жүзіндегі маңыздылығы.

ПӘН БОЙЫНША ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ**Рефераттар тақырыптары:**

1. Философия мәдениеттің феномені ретінде. Оның қоғам өміріндегі ролі.
2. Философияның рационалдық және иррационалдық түрлері.
3. Философияның ғылыми статусы жайлы пікірталастар.
4. Философиялық мәселелердің табиғаты. Философиялық сұрақтардың шеңбері.
5. Философияның тілі және стилі.
6. Миф және логос: философияның бастама мәселесі. Протофилософия.
7. Көне философия.
8. Философия тарихындағы философиялық практикадағы ой-толғаулардың басты тақырыптары және негізгі сұрақтары.
9. Философияның ғылымы ретінде дамуының этаптары.
10. Қазіргі замандағы Қазақстан философиясы.
11. Қазіргі заманғы әлемдік философияның бағыттары.
12. Философиялық экзистенциализм: оның өкілдері, идеялары.
13. Әлеуметтік өзгерістер кезеңіндегі философия.
14. Қазақстандағы ұлттық идеялардың қалыптасу ерекшеліктері.
15. Философиялық герменевтика.
16. Аналитикалық философия: дәстүрлік және жаңашылдық.
17. Феноменологиялық философия: оларды игерудегі мәселелер шеңбері және алғышарттары.
18. Материяның философиялық концепциялары.
19. Философиядағы шексіздік туралы түсініктер.
20. Физикалық, биологиялық, әлеуметтік кеңістік-уақыт.

21. Виртуальды кеңістік.
22. Мән және өмірдің шығу тегі.
23. Әлемді түсінудің синергетикалық концепциясы, және оның классикалық емес ғылымдағы орны.
24. Философиядағы идеялық мәселесі.
25. Заттандыру мен затсыздандырудың өзара байланысы.
26. Сана және өзіндік сана.
27. Санасыздық мәселесі.
28. Философиялық танымның табиғаты мен мәні. Философия «таңқалу метафизикасы» ретінде.
29. Классикалық рационализмнің танымдық принциптерінің жүйесі.
30. Классикалық емес эпистемологияның танымдық принциптерінің жүйесі.
31. Табиғат пен қоғамның коэволюциясы: өзекті мәселелердің этаптары мен тууының ерекшеліктері.
32. Глобальдандыру қазіргі заманғы әлеуметтік әлемнің парадигмасы ретінде: экономикалық, саяси, мәдени аспектілер.
33. Қоғамдық сананың феномені: ұғым, құрылым, деңгейлер, түрлер, көріністер.
34. Қоғамдық және индивидуалды жеке сананың арақатынасы.
35. Менталитет пен ментальдылық ұғымына сипаттама.
36. Адамды философиялық тұрғыдан қарастырудың ерекшелігі.
37. Философиялық антропологияның пәні мен міндеттері.
38. Индивид /жеке адам/, адам, тұлға.
39. Адамды әлеуметтендіру мәселелері.
40. ХІХ ғасыр философиясы.
41. ХХ ғасырдағы философия.
42. Өмір философиясы.
43. Экзистенциализм философиясы.
44. Фрейдизм философиясы.
45. Адамның әлемге деген универсалды қатынасының мәселелері.
46. Заттық қызметтің мәні.
47. Қазіргі заманғы философиялық білім жүйесіндегі әлеуметтік философия.
48. Тұлғаның қоғамдағы еркіндігі мен жауапкершілігі.
49. Қарым-қатынас құралдарының эволюциясы.
50. Игеру және жатсыну ұғымдары.
51. «Отыршылдық кезең» жөніндегі түсініктер.
52. Әлеуметтік институт: құрылысы және функциясы.
53. Әлеуметтік түсіну және әлеуметтік түсіндіру.
54. Тарих – қоғамдық өмірдің шындығы ретінде.
55. Ақпараттық қоғамның қалыптасуы.
56. Экологиялық дағдарыс және экологиялық қауіп-қатердің төнуі.
57. Бұқаралық сана.

58. Қоғамдық прогресстің экологиялық дағдарысы.
59. «Шығыс-Батыс» мәселесі мәдениеттер диалогы ретінде.
60. Философия және ғылым.

3.10. ПӘНДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

1-Тақырып. Философияның пәні мен қызметтері

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Философия, оның ғылыми білім жүйесіндегі орны және қоғамдағы рөлі. Дүниетаным, оның қоғамдық-тарихи сипаты. Дүниетанымның тарихи типтері: миф, дін, философия. Мифтік дүниетанымның ерекшеліктері. Діни дүниетанымның негізгі белгілері мен ерекшеліктері. Діннің функциялары. Философиялық дүниетаным. Философияның негізгі мәселесі. Философиялық проблемалардың мәні. Философия, оның функциялары. Философия және ғылым. Философия, саясат, қазіргі заман.

Философияның негізгі функциялары, қызметі: экспликациялық, рационализациялық, жүйелеу, сыншылдық, интегративтік, синтездеу, көзқарастық, гносеологиялық, логикалық, гуманистік, аксиологиялық, адамгершілік-этикалық, тәрбиелік.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *философия, ғылым, дін, өнер, дүниетаным, рациональдық, рефлексия, білім, әдіс-тәсіл, онтология, антропология, әлеуметтік философия, гносеология, аксиология, праксеология; диалектикалық, аналитикалық, сыни, феноменологиялық, герменевтикалық әдіс-тәсілдер, абстракция, символ.*

2-Тақырып. Ежелгі дүниежүзі философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Философия тарихын зерттеудің басты мәні – дүниежүзілік философиялық ойлар туралы білім, олардың даму логикасы, мазмұнын түсіну. Әртүрлі мәселелердің қойылу және шешілу жолдарын табу. Үнді мен Қытай философиясының негізгі ерекшеліктерін қарастырып, оған баға беру.

Көне үнділік мәдениеттегі діннің мәртебесі және оның философия қалыптасуы мен дамуына әсері. Үнділік философия қарсаңындағы (Ведалар дәстүрі) негізгі дүниетанымдық идеялар. Упанишадлардағы дүниетанымдық ізденістер дүниеден аскеттік қашқақтаудың формасы ретінде.

Шығыс ойының өзіндік ерекшелігі. Ойлаудың кармалық стилі философияның моральдық және метафизикалық өлшемінің формасы ретінде.

Карма, реинкарнация және касталар жүйесі туралы ілім Үнді философиясының негіздемесі ретінде.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *миф, мифология, Атман және Брахман, дхарма және карма, нирвана, сансара, Инь-Ян, Дао, дэ, жень, ли.*

3-Тақырып. Антикалық философия

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Антикалық философия көбінесе космоцентризмге негізделген, алғашқы көзқарастары материалистік және идеалистік болып бөлініп, милет пен элеат мектебін құрды. Бұл Сократқа дейінгі кезең, ал Сократтан кейінгі кезеңге Аристотель, Платон, т. б. жатады.

Жеке бас бақытын қамсыздандыру жайлы философиялық ізденістер. Эпикуреизм – жеке бастың игілікті болуының философиясы ретінде. Гедонизмге қол жеткізу жолдарының рационализациялануы. Стоицизм жеке бас бақытына қол жеткізудің философиясы ретінде. Киниктер немесе өмірдің табиғи салтын іздестіру философиясы. Римдік стоицизм аскеза мен саяси борыш аралығындағы қызу ізденістің рухани жолы ретінде.

Антикалық философияның адамның дүниеге рационалдық қатынасының, оның табиғат пен әлеуметтік дүниеге рационалды үстемдігі стратегиясының қалыптасуына әсері. Антикалық философияның дүниетанымдық бағдарларының адамның мәдени және саяси-әлеуметтік активизмінің қалыптасуына әсері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *логос, фюсис, субстанция, субстрат, диалектика, идея (эйдос), анамнесис, себеп, мән (усия), метафизика, космоцентризм.*

4-Тақырып. Орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс философиясы

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Орта ғасыр философиясы теологиялық өрісте дамығанына ерекше көңіл аудару керек. Ол діни ілімнің құлы болды. Оның негізгі бағыттары – апологетика, патристика, схоластика, догматизм. Орта ғасыр Шығыс философиясының өзіндік ерекшеліктері бар. Қиыр Шығыста ежелгі философиялық мектептер сақталып, дінге бет бұру байқалады. Араб философиясында антикалық мұра (перипатетизм) кең пайдаланылып, нақты ғылымдырдың дамуына аса зор ықпалын тигізіп, Батысеуропалық философияның жаңаша дамуына жол ашты.

Рухани құндылықтардың, батыс адамы санасындағы моральдылықтың басымдылығын қалыптастыруға ортағасырлық діни философияның әсері. Батыс адамының өмірлік таңдауы мен стратегиясына христиандық дін мен

дүниенің христиандық моделінің әсері арқасында оның дүниетанымдық көкжиегінің өзгеруі.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *теология, теоцентризм, патристика, схоластика, универсализм, номинализм, реализм, концептуализм.*

5-Тақырып. Қайта өрлеу философиясы

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Ортағасырлық мәдениет пен ойдың мәдени-әлеуметтік трансформациялары. Ренессанстық дүниетанымның антропоцентризмі. Табиғат пен адамның жаңаша түсінігі. Антикалық және эзотерикалық ілімдердің (неоплатонизмнің, герметизмнің, каббаланың, мистицизмнің) қайта түрлеуі және олардың Қайта Өрлеу философиясына әсері. Қайта Өрлеу философиясы және жаңа ренессанстық ойлаудың қалыптасуы. Дүниетанымдық сауалдар және Қайта Өрлеу Дәуірі ойшылдарының философиялық ізденістері. Философиялық ой-желістердің негізгі тақырыптары мен мәселелері. Ренессанстық гуманизм. Ренессанстық неоплатонизм мен аристотелизм. Ренессанстық скептицизм мен эпикуреизм.

Ренессанс және білімнің секуляризациялануы. Ренессанс философиясы және оның эксперименталдық жаратылыстанудың қалыптасуындағы маңызы. Ренессанстық ойлау мен дүниеге қатынастың ерекшеліктері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *секуляризация, антропоцентризм, пантеизм, гуманизм, натурфилософия, утопия.*

6-Тақырып. Жаңа Заман философиясы.

XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философия

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Қайта өрлеу дәуірінде антропоцентризм және пантеизм жетілді, бұлар ғылыми танымға жол ашты. Жаңа заманда жаңа ғылыми жаңалықтарды философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі туып, танымның жалпы әдістемесі қарастырыла бастады. Сондықтан екі негізгі бағытты толық талдаған жөн. Олар: эмпиризм және рационализм. Френсис Бэкон – эмпиризмнің негізін қалаушысы. Идолдар туралы ілім. Танымның индукция әдісі. Рене Декарттың рационализмі. Тиянақты білімді алу процесіндегі ойлаудың ережелері. Субстанция мәселесі. Томас Гоббстың әлеуметтік-саяси көзқарастары. Қоғамдық келісімнің теориясы. Б. Спинозаның пантеизмі. Спинозаның этикасы: бостандық дегеніміз танылған қажеттілік. Г. Лейбництің монадологиясы. Дж.Берклидің субъективті идеализмі. Д. Юмның солипсизмі. Ағылшын эмпиризмнің дағдарысы.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *ғылыми төңкеріс, субъект пен объект, эмпиризм, рационализм, сенсуализм, метод, индукция және дедукция, радикальді күмән, cogito, монада, қоғамдық келісім, деизм, атеизм, скептицизм, агностицизм, наукоцентризм.*

7-Тақырып. Классикалық неміс философиясы

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет: немістің классикалық философиясы И. Кант, И. Г. Фихте, В. Ф. Шеллинг, Г. В. Гегель, Л. Фейербах аттарымен белгілі. Олардың әрқайсысы өзіндік ерекшелігі бар ойшыл ретінде танымал. Сонымен қатар, ілімдердің әрқилығына қарамастан олар белгілі – бір идея мен принципті ұстанған.

Батыс адамының белсенді іс-әрекетінің қалыптасуына неміс философиясының әсері. Мәдениет әлемін жасаудағы адам мүмкіндіктерін іске асырудың потенциалын философиялық негіздеу. Мәдениет әлемі адам Зердесімен құрастырылатын реалдылық ретінде. Неміс идеализмі философиясының неміс халқының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен ұлттық топтасуының қалыптасуына, қуатты орталықтандырылған мемлекет құруына, ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына әсері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *трансцендентальді, іс-әрекет, априори, антиномия, категориялды императив, ғылымтану, абсолютты идея, метод, ерік, жатсыну, әлеуметтік практика, таптар, қоғамдық-экономикалық формация, мәдениет.*

8-Тақырып. XVIII ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Марксизм философиясының негізгі идеялары мен қағидаларын және қазіргі замандағы сыни көзқарастарды талдау. Марксизмдегі материалистік диалектиканың дүние игерудегі мәнін түсіну. Марксизмдегі принциптік жаңалық – адам тек табиғатта өмір сүрмейді және оны өзгерту мақсатын талдау.

«Өмір философиясы», Иррационализм. Санасыздық және психоанализ А. Шопенгауэр, Ф. Ницше және З. Фрейд ілімдерінің даму барысындағы ықпалын түсіну.

Позитивизм және оның тарихи түрлері мен міндетін түсіну: О. Конт, Э. Мах, Р. Авенариус.

Діни философияның эволюциясы. Неотомизм. XX ғ діни философия: традиционализм және оның жаңартуға ұмтылуы. Осы күнгі неотомизмнің принциптері. Діни ой-өрістің түрлі бағыттарының өкілдері (Ж. Маритен,

Тейар де Шарден, М. Нибур, Мұхамад Икбал, т. б.). Құдайдың барлығын дәлелдеу проблемасы. Персонализм.

Осы заманғы Батыс философиясының негізгі бағыттары. Классикалық философияның негізгі қағидалары және оларды осы заманғы ғылым мен әлеуметтік практиканың жетістіктеріне сәйкес кейбір философиялық ағымдардың сын елегінен өткізуі. Сциентизм және антисциентизм. Информациалық (ақпараттық) қоғам идеясы. Технократизмге сын.

Дүние ортасындағы адам және адам әлемі. Экзистенциализм және оның түрлері. Өмір мен өлім проблемасы (С. Кьеркегор, М. Хайдеггер, Ж. Сартр). Постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында ерекше дамып, қазіргі Батысеуропалық философияның дамуына ерекше әсерін тигізіп отыр.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *экзистенция, эксцентричность, «біржақты адам», Dasein, коммуникация, феномен, интенциональность, интерпретация, санасыздық, архетип, «тілдік ойындар», құрылым, деконструкция, фальсификация, постиндустриалды қоғам.*

9-Тақырып. Қазақ философиясы

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Қазақтың ең көне діни көзқарастарын қарастырып Тәңір, Жер-Су, Умайға табынулардың басқа әлемдік діндерге әсерін талдау. Исламның келуі, орта ғасырдағы қазақ жеріндегі ренессанс. Ресейге қосылуға байланысты әртүрлі бағыттардың пайда болуы. Алашорда қайраткерлерінің көзқарастары.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. Номадтық мәдениеттің синкретизмі. Қазақтың халықтық шығармашылығындағы дүниетанымдық ізденістер. Жыраулар шығармашылығындағы философиялық сарындар. Сопылық дәстүр, оның қазақ философиясы қалыптасуына әсері.

Посткеңестік философияның тұрақты қазақстандық қоғам орнатуға деген дүниетанымдық нұсқама мен бағдарлардың қалыптасуына, қазақстандық менталитеттің, қоғамда жүргізіліп жатқан реформаларды рационалды түсіну мен қабылдаудың қалыптасуына, мәдени бірдейлік, ұлттық қауіпсіздік сауалдарының қойылуы мен талқылануына әсері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *Өмір, Өлім, Ажал, Араласу, Намыс, Парыз, Кісілік, Ар-ождан, толыққанды Адам, Құт, Қара өлең, Қоштасу, Жоқтау.*

10-Тақырып. Болмыс – онтологияның негізгі категориясы ретінде

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Дүниені философиялық тұрғыдан түсіну. Болмыс категориясы, оның мән-мағынасы, ерекшелік сипаты. Болмыстың негізгі формалары және олардың диалектикасы. Дуализм мен монизм. Субстанция түсінігінің методологиялық маңызы.

Материя түсінігінің ғылыми-философиялық тұрғыдан қалыптасуы. Материя категориясының табиғат пен қоғамды танып-білудегі рөлі. Осы заманғы ғылым – материяның күрделі әрі жүйелі құрылымы. Дүниенің көп түрлілігі мен бірлігі туралы идеялар. Қозғалыс түсінігі, оның негізгі сипаттамалары. Қозғалыстың формалары және оларды жіктеудің осы заманғы мәселелері.

Кеңістік пен уақыт – материяның объективті өмір сүру формалары. Кеңістік пен уақыттың қозғалыстағы материяның байланысы туралы философиялық түсініктерді дамытудағы салыстырмалылық теориясының маңызы. Биологиялық және әлеуметтік кеңістік пен уақыттың өзіндік ерекшеліктері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *болмыс, қалыптасу, шындық пен мүмкіндік, материя және форма, табиғат, қоғамдық болмыс, кеңістік пен уақыт, құрылым, синергетика, детерминизм, креационизм мен эволюционизм, коэволюция.*

11-Тақырып. Даму принципі: диалектика және синергетика

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Диалектика – универсалды (эмбебап) байланыстар, өзгерістер және даму туралы ілім. Идеалистік және материалистік диалектика: Гегель мен Маркс. Объективті және субъективті диалектика. Дамудың диалектикалық – материалистік теориясы. Диалектиканың заңдары мен категориялары туралы түсінік, олардың қалыптасуы.

Болмыстың эмбебап байланыстары: жалпылық, өзгешелік, жекелік. Мән мен құбылыс. Құрылымдық байланыстар: бүтін мен бөлік, мазмұн мен форма, элементтер мен құрылым категориялары. Жүйе түсінігі, жүйелік принципі.

Детерминистік байланыстар: себеп пен салдар. Кездейсоқтық пен қажеттілік, мүмкіндік пен шындық категориялары.

Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы. Үйлестік (сәйкестік), айырмашылық, қарама-қарсылық, қайшылық категориялары. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі. Қайшылықтардың көптүрлілігі. Болмыс пен танымның қарама-қайшылықты мәні.

Мөлшерлік және сапалық өзгерістердің өзара ауысу заңы. Сапа, мөлшер, қасиет, секіріс категориялары. Сапалық және мөлшерлік өзгерістер диалектикасы.

Терістеуді-терістеу заңы. Диалектикалық терістеу. Даму бағытының спиральдік сипаты.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *қозғалыс, метафизика, сапа, сан, мера, софистика, эволюция, революция, себеп пен салдар, кездейсоқтық пен қажеттілік, мүмкіндік пен шындық.*

12-Тақырып. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми танымның ерекшеліктері

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Таным мәселелерінің философияда қойылуы, соған сәйкес қалыптасқан түрлі философиялық ағымдар. Таным барысы мәнінің күрделілігі мен қайшылығы: Танымның субъектісі мен объектісі, олардың диалектикасы. Практиканың мәні, оның таным процесіндегі орны. Таным процесінің диалектикасы. Сезімдік таным, оның формалары. Логикалық таным оның формалары. Сезімдік және логикалық танымның біртұтастығы. Шығармашылық және интуиция.

Ақиқат теориясы. Ақиқаттың объективтілігі. Абсолюттік және салыстырмалы (относительно) ақиқаттардың диалектикасы. Ақиқаттың нақтылығы. Практика – ақиқат өлшемі.

Ғылыми таным және оның ерекшеліктері.

Танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлері, олардың бірлігі мен айырмашылығы. Ғылыми танымның тәсілдері мен формалары. Танымның жалпы логикалық әдістері: анализ, синтез, абстракциялау, индукция және дедукция, аналогия, модельдеу.

Эмпирикалық зерттеулердің ғылыми әдістері; байқау (баяндау, өлшеу, салыстыру), эксперимент. Теориялық зерттеулердің әдістері: формальдау, аксиоматикалық әдіс, гипотеза, абстрактіден нақтыға көшу әдісі, ғылыми теория жасау, тарихи және логикалық зерттеу әдістері.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *эпистемология, интуиция, модель, ақиқат, конвенция, верификация, фальсификация, когнитивистика, ойлау, факт, гипотеза, теория, парадигма.*

13-Тақырып. Философиялық антропология

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Философия тарихындағы адам мәселесі. Оның табиғаты, мәні. Адамның өмір сүруінің, табиғи-биологиялық алғы шарттары. Адамның әлеуметтік мәні. Адамның қалыптасып, өмірге келуіндегі еңбектің рөлі.

Адамның табиғи және қоғамдық сипаты. Адам өміріндегі үйлесімділік пен үйлесімсіздік диалектикасы. Ғылыми-техникалық революция жағдайындағы адам өмірі.

Адамның әлеуметтік және ұлттық тұрпаты. Адамзаттың рухани тәжірбиесі. Өмір және өлім проблемасы. Философия адам өмірінің мәні мен өлместігі туралы. Адам және адамзат. Бүкіл әлемдік біртұтас қауымдастықтың құрылып, дамуының объективті алғышарттары. «Адам» және «кісі» (тұлға) ұғымдарының ара қатынасы. Дара адам (пенде) даралық, жеке адам (кісілік) – қоғамдық өмірдің объектісі.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *табиғи және жасанды, іс-әрекет, еңбек, практика, өмір, әлеуметтік уақыт, коммуникация, қарым-қатынас, әлеуметтендіру, білім, тұлға, жатсыну, шығармашылық, еркіндік.*

14-Тақырып. Әлеуметтік философия

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Қоғамды тарихи материалистік және идеалистік тұрғыдан зерттеп, танып-білудің мәні. Қоғамдық болмыс пен қоғамдық сана. Материалдық өндіріс – қоғамдық дамудың негізі. Ғылыми-техникалық прогресс және материалдық өндіріс.

Қоғамдық қатынастар. Материалдық және идеологиялық қатынастар. Базис пен қондырма. Нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі экономика мен саясат (Қазақстан мысалында).

Қоғамдық-экономикалық формация категориясы, оның құнды жақтары мен кемшіліктері. Әлеуметтік шындықты формациялау тұрғысынан талдаудың мәні. Қоғамның тарихи типтері. Қоғам дамуының қозғаушы күштері. Халық - тарихты жасаушы. Ерекше тұлғалардың тарихтағы рөлі. Қоғам – өздігінен дамитын жүйе. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар диалектикасы.

Прогресс идеясының қалыптасуы. Қоғамдық прогрестің мәні мен критерий (өлшемі). Қоғамдық прогрестің тарихи типтері. Қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысуы – прогрестің іске асуы. Қоғамдық прогресс және бостандық. Осы заманғы әлеуметтік, рухани және ғылыми техникалық пргрестің ара қатынасы.

Дүниежүзілік тарихи дамудың бірілігі мен еркшеліктері. Қоғамдық дамудағы күш көрсету проблемасы. XX ғ философиясындағы көптеген моделі мен теорияларының мәні.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *әлеуметтік әрекет, әлеуметтік институт, әлеуметтік*

құрылым, иерархия, стратификация, мобильность, билік, мәдениет, өркениет, тарих, ұлт, элита.

15-Тақырып. Қазіргі уақыттағы жаһандық сын-қатерлерді философиялық тұрғыдан ұғыну

Тақырыпты зерттеу барысында келесі аспектілерге назар аудару қажет:

Ғылым мұра мағынасында – мәдениет дамуының соңғы жемісі. Ол Еуропадағы қайта өрлеу мен жаңа заман кезеңдерінің алмасуы, капиталистік өндіріс тәсілінің қалыптасу кезінде пайда болды. Ғылымның тууы, дәстүрлі дүние түсінігін түбегейлі өзгерткен әлеуметтік және мәдени дүниеге көзқарастық дәрежедегі өзгерістермен байланысты. Табиғат, бүкіл дүниенің механизмі ретінде көрсетіліп, ойланыла бастады. Адам, оның мақсаты мен өміріндегі іс-әрекеттің қажеттігі де күрделі өзгеріске ұшырады.

Ғылыми-техникалық революция және экология проблемалары.

Осы заманғы жалпы адамзаттық, бүкіл әлемдік ауқымды проблемалар, олардың мәні және шешу жолдары (Арал мәселесі). Осы заманғы өркениеттің (цивилизацияның) әлеуметтік-экономикалық және саяси қарама-қайшылықтары мен қатпарлары. Жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызы.

Курсанттар тақырыпты игеру барысында келесі терминдерді біліп қолдануы қажет: *экология, техника, ақпараттық қоғам, жаһандық мәселелер, ноосфера.*

3.11. КУРСТЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ ПЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Мамандықтың жұмыс оқу бағдарламасында көрсетілмеген.

3.12. ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1 Философияның пәні мен объектісін анықтаңыз.

А) Адам және оның әлемдегі орны.

В) Табиғат және оның заңдары.

С) Қоғамдық-тарихи процестер.

Д) Универсалды заңдар мен принциптер.

Е) Дүние-біртұтас, әлем.

2 Фалес үшін алғашқы бастама.

А) Су.

В) От.

С) Апейрон.

Д) Ауа.

Е) Жер.

3 Дуализм философиясының мәні

А) Табиғат заңдары, адам ой-өрісі арқылы құралады.

В) Дүние негізі әлемдік ақыл-ойда тұрады.

С) Дүние адам санасына тәуелсіз өмір сүреді.

Д) Барлығы ақыл-парасатқа негізделген.

Е) Материя және Рух - болмыстың екі негізі.

4 Метафизика ойлау мен таным әдісі ретінде қашан пайда болды

А) Антика философиясы заманынан.

В) Орта ғасыр философиясы дәуірінде.

С) Жаңа дәуір жағдайында.

Д) ХІХ-ғасырдың неміс философиясы уақытында.

Е) ХХ ғасырда батыс философиясында .

5 Дүниеге мифологиялық көзқарастың мәні?

А) Адам мен табиғатты бір-біріне қарсы қою.

В) Дүниенің субстанциялық бастамасын мойындау.

С) Бір құдайдың әлемдік күшіне сенуде.

Д) Дүниені ұғынудың айырғысыздығы, бірлігі, біртұтастығында.

Е) Дүниені жоғарғы және төменгі өмір сүру салаларына бөлу.

6 Философия дегеніміз бұл

А) Гуманитарлық білім.

В) Нақты ғылым.

С) Миф.

Д) Діни ойлау.

Е) Өнер.

7 Инь мен янь негіздері қандай философияға тән?

А) Антика философиясына.

В) Араб философиясына.

С) Қазақ философиясына.

Д) Ерте қытай философиясына.

Е) Ерте үнді философиясына.

8 Дао мектебінің негізін қалаушы кім?

А) Мэн-цзы.

В) Лао-цзы.

С) Конфуций.

Д) Сюнь-цзы.

Е) Будда.

9 Көне Үндінің қасиетті мәтіндері.

А) Библия.

В) Құран.

С) Руналар.

Д) Ведалар.

Е) Инжіл.

10 Ведалар – бұл:

А) Рух.

В) Зат.

С) Ән ұрандар.

Д) Заңдар.

Е) Философиялық категориялар.

11 “Құдай қаласы” және “Жер қаласы” идеясының авторы

А) Ф. Аквинский.

В) А. Августин.

С) К. Тертулиан.

Д) П. Абеляр.

Е) И. Росцелин.

12 Грек тілінен аударғанда техника дегеніміз:

А) Теория

В) Іскерлік, өнер.

С) Рухани бастама.

Д) Алғашқы негіз.

Е) Табиғат.

13 Материалистік бағыт ертедегі грек философиясындағы қай философтың атымен аталған?

- A) Платон
- B) Сократ
- C) Фалес
- D) Демокрит
- E) Аристотель

14 Гераклит тұжырымы

A) Болмыстың өзгермейтіндігі.
B) Барлық тіршіліктің жаппай өзгерісі және қарама-қайшылықтығы.

C) Барлық тіршілік негізін құрайтын төрт элемент: су, от, ауа және жер.

D) Жанның мәңгілігі және көшпелілігі туралы.

E) Атомдардың барлық зат бастамасы негізі жөнінде.

15 Құрастырған апориаларында субъективті диалектика идеясын дамытқан философ:

- A) Пифагор
- B) Анаксимандр
- C) Сократ
- D) Зенон
- E) Демокрит

16 “Өзіңді таны” деген философиялық ұғымның авторы кім?

- A) Сократ.
- B) Фалес.
- C) Платон.
- D) Гераклит.
- E) Абылай-хан.

17 Қай философ “Идеальды мемлекет” ұғымының авторы?

- A) Демокрит.
- B) Гераклит.

- C) Сократ.
- D) Платон.
- E) Аристотель.

18 “Материя” және “форма” жөніндегі философиялық ілімінің авторы кім?

- A) Демокрит.
- B) Сократ.
- C) Гераклит.
- D) Аристотель.
- E) Платон.

19 Мына пікірлердің қайсысын Пифагор негіздеген:

A) Барлық заттар - ол – сан.

B) Бір өзенге кіруіміз де кірмеуіміз де мүмкін, өмір сүруіміз де өмір сүрмеуіміз де мүмкін.

C) Барлығы судан басталады.

D) Барлық заттар атомдардан тұрады.

E) Барлықтың бастамасы “апейрон.”

20 Христиан философтарының ой-толғыныстарының басты пәні?

- A) Материя
- B) Табиғат
- C) Адам
- D) Құдай
- E) Уақыт

21 Реалистер мен номиналистер арасындағы талас қай кезеңде болды?

- A) Антик философиясында.
- B) Орта ғасыр философиясында.
- C) Жана дәуір философиясында.
- D) Ағарту философиясында.
- E) XX ғасыр философиясында.

22 Жалпылық мәселесі қай кезеңде көрініс берді.

- A) Антикалық философияда.
- B) Ортағасырлық философияда.
- C) 20ғ.
- D) 15ғ.
- E) Ағартушылық дәуірінде.

23 “Екі жақты ақиқат” идеясының шығыс философтарының ішіндегі авторы кім?

- A) Ибн-Сина.
- B) Ибн-Рушд.
- C) Әл-Фараби.
- D) Маймонид.
- E) Әл-Газали.

24 Араб тілдік философияның өкілі.

- A) Кант.
- B) Әл-Кинди.
- C) Коперник.
- D) Маркс.
- E) Бубер.

25 Әлемнің екінші ұстазы.

- A) Ибн-Сина.
- B) Ибн-Рушд.
- C) Әл-Фараби.
- D) Маркс.
- E) Гегель.

26 Қожа Ахмет Яссауидің көзқарастарын қай бағытқа жатқызамыз:

- A) Перипатетизмге.
- B) Пантеизмге.
- C) Суфизмге.
- D) Рационализмге.
- E) Эклектизмге.

27 Жаңа дәуір философиясының өкілі:

- A) А. Данте
- B) Ф. Петрарка
- C) Дж. Бруно
- D) Ф. Бэкон
- E) П. Помпонации

28 Пико делла Мирандола философиясындағы адамның басты ерекшелігі

- A) Ақылдылығы, парасаттылығы.
- B) Шығармашылық еңбектенуге қабілеттілігі.
- C) Өз тағдырын айқындаудағы еркіндігі.
- D) Адамгершілік қабілеттілігі.
- E) Мырзалар жолымен жүруге бейімділігі.

29 Қайта өрлеу идеясының бастамасына қатысты “Құдіретті комедия” еңбегін кім жазды?

- A) Франческо Петрарка.
- B) Джованни Бокачо.
- C) Алигьери Данте.
- D) Пико делла Мирандола.
- E) Мишель Монтень.

30 Таным үшін (Бэконның ойынша) қоғамдық орындарда, базарларда кең таралған дұрыс емес сөздерді қолданудың қандай кедергілері бар?

- A) Ру тайпа елестері.
- B) Үңгір елестері.
- C) Театр елестері.
- D) Алау елестері.
- E) Дұрыс жауап жоқ.

Курсанттардың білімдерін бағалау өлшемдері

Білімін бағалау кезінде курсанттардың орындаған тапсырмаларының толықтығы мен сапасы ескеріледі және ағымдық пен аралық бақылау рейтингі де ескеріледі. Барлық тапсырмалар белгіленген мерзімнің ішінде орындалуы керек.

90-100 балл: жауап толық, дұрыс, материалды толық меңгергендігін және қосымша мәслиметтерге дербес сілтеме жасап жауап бере алғандығын көрсетеді;

75-89 балл: жауап толық, дұрыс берілген бірақ та тарихи және теориялық материалды меңгеру барысында нақты емес, оны оқытушы түзетіп отыр;

50-74 балл: жауап дұрыс, студент негізінен материалды түсінген, тарихи және теориялық материалдарды нақты баяндап бере алмады, белгілі бір сұрақты дербес түсіндіру кезінде қиналады.

0-49 балл: егерде курсант бағдарламалық материалдың көп бөлігін білмесе, маңызды қателіктер жіберсе.

Төменде кредиттік технология бойынша оқитын курсанттың білімін бағалаудың көпбаллды әріптік жүйесі келтірілген.

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	канағаттандырарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	канағаттандырарлық емес
F	0	0-49	

3.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. Философияның объектісі мен пәні.
2. Дүниетаным және философия.
3. Дүниетанымның тарихи түрлері.
4. Философияның қызметтері (функциялары).
5. Философияның негізгі сұрағы (мәселелері).
6. Философияның негізгі бөлімдері.
7. Үнділік философия қарсаңындағы (Ведалар дәстүрі) негізгі дүниетанымдық идеялар.
8. Ежелгі Үнді философиясының ортодоксалды мектептері.
9. Ежелгі Үнді философиясының ортодоксалды емес мектептері.
10. Конфуцийшілдық қытайлық қоғамның идеологиясы ретінде.
11. Дүние-әлемнің даостық суретіндегі адамның орны.
12. Моизм және Легизм.
13. Антика философиясындағы бастама (архе) мәселесі.
14. Элей философиялық мектебі.
15. Атомизм философиясы.

16. Сократ философиясындағы адам мәселесі.
17. Платон философиясындағы идея ұғымы.
18. Аристотельдің төрт себеп туралы ілімі.
19. Ортағасыр философиясының ерекшеліктері.
20. Ортағасыр философиясының даму кезеңдері.
21. Реализм және номинализм: универсалийлер мәселесі.
22. Мұсылман перипатетизмі.
23. Әл-Фарабидің философиялық ілімі.
24. Әл-Газалидің суфизмі.
25. Қайта Өрлеу философиясының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары.
26. Қайта өркендеу дәуіріндегі әлеуметтік-саяси ілімдері (Т. Мор, Т. Кампанелла).
27. Н. Макиавеллидің саяси философиясы.
28. М. Лютердің реформациясы.
29. Қайта өркендеу дәуіріндегі ғылым (Н. Коперник, Дж.Бруно, Г. Галилей).
30. Қайта өркендеу дәуіріндегі өнер (Л. Винчи, Рафаэль Санти).
31. Жаңа Заман философиясының жалпы сипаттамасы.
32. Жаңа Заман философиясындағы рационалистік бағыт.
33. Жаңа Заман философиясындағы эмпиристік бағыт.
34. Ағартушылық – әлеуметтік прогресстің даму жолы ретінде.
35. Ж.-Ж. Руссоның қоғамдық келісім теориясы.
36. Ш.Л. Монтескье мен Ф. Вольтердің философиялық көзқарстары.
37. Неміс классикалық философиясының пайда болуының әлеуметтік-мәдени шарттары.
38. И. Канттың гносеологиясы.
39. Г.В.Ф. Гегельдің диалектика жөніндегі ілімі.
40. И. Канттың этикасы.
41. И.Г. Фихте және Й. Шеллингтің философиясы.
42. Л. Фейербахтың антропологиялық материализмі.
43. Маркстік философия.
44. Өмір философиясы.
45. Экзистенциализм философиясындағы адам мәселесі.
46. Позитивизм. Неопозитивизм. Постпозитивизм.
47. Постмодернизм рухани күй, өмір салты және философия ретінде.
48. Орыс философиясының негізгі бағыттары.
49. Қазақ философиясының қалыптасып-дамуының негізгі кезеңдері.
50. Түркі дүниетанымы – қазақ философиясының бастауы.
51. Қорқыт ата философиясы.
52. Қазақ ағартушылары.
53. Абай философиясы.
54. Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық шығармашылығы.
55. Онтология – болмыс туралы ілім.

56. «Материя» ұғымы.
57. Кеңістік және уақыт – материяның өмір сүру формалары.
58. Философиядағы сана мәселесі.
59. Тіл және сана.
60. Болмыс-емес феномені.
61. Диалектиканың тарихи типтері.
62. Диалектика – даму туралы ілім.
63. Диалектиканың негізгі принциптері.
64. Диалектиканың заңдары.
65. Диалектиканың категориялық аппараты.
66. Диалектика және синергетика.
67. Танымның субъектісі мен объектісі.
68. Сезімдік таным.
69. Рационалдық таным.
70. Ғылыми танымның спецификасы.
71. Ақиқат ұғымы. Ақиқаттың критерийлері.
72. Танымның негізгі әдістері.
73. Философиядағы адамның негізгі бейнелері.
74. Адамның биологиялық және әлеуметтік табиғаты.
75. Іс-әрекет – адамның мәнді сипаттамасы.
76. Жеке адам (индивид). Субъект. Тұлға.
77. Еркіндік және жауапкершілік.
78. Өмір мен өлім мәселесі.
79. Әлеуметтік философия пәні.
80. Қоғам феномені. Қоғам пайда болуы (генезисі).
81. Еңбек қажеттілік ретінде.
82. Қоғамдық өмірдің негізгі салалары.
83. Қоғамның экономикалық негіздемелері.
84. Қоғамдық сананың формалары.
85. Ғылыми-техникалық прогресс және жаһандық мәселелер.
86. Жаһандық мәселелер және олардың пайда болуының себептері.
87. Жаһандық сананың қалыптасу мәселесі.
88. Глобалдану, глобализм және антиглобализм тарихтың қазіргі ұйғарым-талабы ретінде.
89. «Римдік клубтың» философиялық ізденістері.
90. «Қазақстан-2050» стратегиясы: ХХІ ғасырдың жаһандық он сын-қатері.

3.14. Құрастырушы: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы.